

Иса Христостың жолдары

<p>Иса, рухани бастама және жер: Иса Христостың жолдары, оның кісілік зердесіне, адамзаттың және жердің өзгерістеріне жарнағы: тәуелсіз ақпарат бет көптеген тәжірибе және зерттеу өрістерден табылған жаңа көзқарастармен; жеке адамның дамушылығы үшін практикалық кеңестермен. Осы бетте Қазақ тілде ғибадатпен бірқатар байланысты негізгі нұсқауларды табасыз</p>		<p>„Дін адамның құдаймен қайырмалы байланыстай“ ¹⁾ „Иса және ислам туралы ақпарат“ ¹⁾ Басқа көптеген тілдерде²⁾ одан басқа евангелиелер және Иоанның аңқылдақ сөздер туралы біздің толық түсіндірмелерді және басқа көп тақырыптармен қатысты тарауларды табасыз. ³⁾</p>
--	---	--

1) қысқартылған болжамалар: [türkçe](#) ...

2) толық нұсқалар: [ағылшын](#) және [неміс тілдерде](#) үнемі жаңаланады...

[Одан басқа:](#) [Русский](#) , ...



<http://www.ways-of-christ.com/kk>

Бейбітшілік, өмір және жер үшін ғибадат

Осы ғибадат біржолы христиандық көзқарасын қалай ол өзі тиімді ғибадатқа әкелуін түсіндіреді:

Құдай, менің басталуым, менің жәрдем және менің үмітім!
Иса Христоспен бірлесіп бәрі Сенен шығатын/келетін істер үшін Саған алғыс айтамын;
бәрі Сенен алыстатқан істер үшін кешірім сұраймын;
мына тыныштықта Сенің рухын арқылы маған шығармашылық ізденуге рұқсат бер.

Мен басқаларға олардың Саған кележатқан жолыңда жаманшылық жасамау үшін бағытта мені;
Мен басқаларға Сенің ықтиярын бойынша жәрдем беру үшін бағытта мені;

Менім жолымда қорға мені. *

Өмір және өлім туралы біліктерді Сенің қолыңа беруге кісілерді жігерлендір **;

Сенің жаратылыс үшін жұмыс істейтіндерге жәрдем бер***;
Осы дүниені олқылыққа Сенмен уәделі жаңа заманға жүргіз.****

*) Осы жерде Басқаларды қосып жіберуге мүмкін

***) Осы жерде егжей-тегжейлерді қосып жіберуге мүмкіншілік бар немесе аяғында медитация отырысында қаралуы мүмкін, мынадай сияқты „Жәбірдің және қайырмалы жәбірдің жандандыруын тоқтату“, „Мәселелерді шешіп жәбірді оның бір негізінен құр қалдыру“, „Қайырымды ерігі бар басқа діндерге сенетін кісілермен бейбітшілік диалогын жүргізу“,

салыстыр: Мат. 5:9 және 26:52

****) Азаптанған табиғат жәрдем сұрап жылайды. Құдайға немесе Христосқа толқындатқан табиғат апаттардан қорғауға өтінуге уақыт келді. Бірақ бұл адамның жүріс-тұрысын жаратылыс жөнінде өзгертуді ауыстырмайды.

*****) Лука 11:2; 21:31. Аңқылдақ сөз 11:16; ... тағы да қара Әке біздің, Матфей 6, 7-15.

Құдай оған берген меірді бөле алады.

Ғибадат және рухани өмірмен рухани әрекет бір-бірімен қабысады, екеуі бір-біріне сүйенеді.

3) Басқа тілдердегі толық негізгі текстінде мына тараулар бар: бірінші бөлім: осы тексттің мақсатына кіріспе және осы текстпен қолдану, медитация үшін методикалық нұсқаулармен және басқалар; „Алдымен сөз болды“ „сөз да ет/бой болды...“; Назареттылық Иса: оның туу; христиандық мағынасында қайта туу туралы арнайыбетпен; Болды ма айтарлық оқиғалар Исаның жас жастарында? „Екі Иса балалар“ туралы айтыс-тартысқа түсініктеме; Иоанн Шоқындырушымен Йордан өзенде шоқындыру; арнайы бетпен: көзіргі шоқындыру туралы ескертулер; Шөлдегі тым-тырыс; Азғырушылықтар; Кана қалада үйлену той; (сексуальность, мейір, түсінік және жақсы көрушілік туралы христиандық көзқарастар); „Қасиетті“ иждағат (Эмоция туралы көзқарастар); Таулы қыраттағы уағыз (парасат туралы көзқарастар); Құтқарушының Табор таудағы кейпі өзгеру; „Керемер әрекеттер“ туралы мәселе; Лазардың қайта тірілу; „Қойдар“; Христос және аяқ жуу; және Бетанияда майлау (христиандық рухани бастама туралы негізгі көзқарастар); Ақырғы кешкі ас, тұтқынға түсу және қамшылау; Тікенді таяқ салдыру және қоштасу сөздер; Керіп тастау және қабырлау, христиандық мистикасының нұсқауларымен; Бос зираттың, „дозаққа түсу“ және „жәннәтке шығу“ мәселесі; Қ айта тірілу; Өрлеу, Шығу; Троица оқиғасы; Исаның сүреттемесі. Екінші бөлім: Иоанның аңқылдақ сөзі; Сәуегейліктерді қалай орағыту керек; Иоанн апокалипсисстың мазмұндарына: Жеті шіркеулер - көзіргі шіркеулер және теологиялық ағымдар және христиандық туралы арнайы бетпен; Жеті мөрілер; Жеті кернейлер; „Жеті“ тарсылдар/ күркіреуілер және екі пайғамбарлар; Әйел және айдаһар; Теңізден келген жеті басты жануар; Жерден келген жануар; „Ақырғы жеті кесапаттар, Вавилонның‘ аяғы және Иса Христостың Екінші келісі; (Нақтылы) „мың жылдық бейбітшілік дүние“; „Жаңа жәннәт, Жаңа жер және „Жаңа Йерусалем“; Соңғы тарау: Христиандық бағдар; Таблица: Христиандық нұсқау жол – „Дүниеде, бірақ дүниеден емес“, „Үшінші жол“; Сүреттеменің сапасына, басып шығарылған текстқа нұсқау және құқтар; e-mail (электрон почтаның) формуляры. 3. Басқа тақырыптар: Ғибадат; этикалық байлықтар негіздері; Иса Христостың заманауи теорияларының түзетулері; Иса Христос, адамның азықтандыруы және жануарларды сақтау, ғылымдар және құдайға сену; Иса Христос және айығу - тіпті бүгінгі күні, мінажат; экономика және әлеуметтік мәселелер туралы христиандық көзқарастар; Қоғам және саясат туралы христиандық көзқарастар; Дін мен Философия: Хабермастың сөздері; экология мен келешек өмір; осы кезең және Христиан теологиясының түрлі мектептері; Христиан пайымдаулары; шабыт және шіркеулер; Өмір мен өлім сұрағы және оның өлім алдындағы өмірдегі салдары; Христиан діні – оның басқа ілмдерге "тағдыр" мен "реинкарнация" жөнінде қатынасы; ... 4. Ескі ғажия және басқа діндермен деген диалогқа үлес: Ескі ғажия, Иудаизм және Иса Христос; Иса Христос және ислам; Заратустра діні; Буддизм; Индуизм; Таоизм; Конфуцийшілдік; Шинтоизм және табиғи діндер ; Дін адамның құдаймен деген "қайта қосылуы"

Авторлық құқ: біздің беттерімізді өзгертпей принтер арқылы басып алуыңыз және оларды қызыққандарға беруіңіз мүмкін.

Дін¹⁾ Исамен бір жолда адамның Құдайға "қайта қосылуы" ретінде

¹⁾ Религия (дін) сөзі латын тілінен шыққан re-ligio = бізде "өзегімізден" денеге ие болатын Құдаймен қайта бірігу. Осы секілді нәрсе голограмма сияқты кең ауқымда да орын алады.

Адам өміріндегі тереңірек мәселелерді түсіну

Денені емдегеннен кейін де өзгерістер үшін Иса бірінші : "Жақсарғың келе ме?" (Иоанн 5,6) немесе "Құдайға жақындағың келсе, сен өзіңнің әлі де өзгертуді керек ететін кемшілігіңді білесің бе?"- деп сұраушы еді. Өмірде Дінмен байланысы жоқ қарапайым нәрселердің астарынан өзек жіпті табуға болады. Бала есейе келе жаңа қабілеттерге ие болады, алайда бастапқы қабілеттері тез сөніп қалады. Кейіннен бұл табиғи қабілеттерді қайтадан жаңартып көруге болады. Мұндай жағдайда жаңадан қосылған қасиеттер қалып, бұл кезде тұлғаның қатаюы босаңсиды немесе өшіп қалады. Ақылмен және түйсікпен өмір сүру арасындағы "жүректегі" әлсіз көпірдің үзілуіне әкелетін бар ой мен өмірдің арасындағы үзіктер қайтадан берігірек жалғасады. Осы үзіктің жұмақ аңызындағы "білім ағашының жемісін жеудің" бір мағынасы екендігін және Исаның "Өзгеріп, балалар сияқты болмайынша, аспан патшалығына ешқашан кірмейсіңдер" деген сөзінің өзгеріс пен оралудың мүмкіндігін терең білуге негізделгенін көрсетуге болады – Матфей 18,1-3; Марк 10,15; Лука 18, 17. Бұл тек балалардың қысылмайтын қылықтарына емес, "адамның пайдалану жөніндегі басшылығының" жоғалып қалған бөлігі – "бастапқы" (ағыл.: "archetypical" ²⁾) болып табылатын дамудың алғашқы негіздеріне қатысты. Бұл жол қазіргі күнгі шектеулі интеллектуалдық сана-сезімнен әлдеқайда алысқа апара алады.

²⁾ Кісінің жағымсыз ("ібілістік") қасиеттерін жеңудің ішіне аталмыш үзікті жалғау кіреді.

"Archetypal" (бастапқы) – С. ДЖ. Юнг және басқалардың терең психологиялық термині; адам болмысының әр түрлі формалар/фигуралар ретінде, мысалы түстерде, бастан кешірілген негізгі үлгілері.

Бұл – кісі мұның барлығын өз бетімен оңай меңгеріп кете алады деген сөз емес. Иса мұны меңгеру үшін шынайы жол және құдірет немесе мейірім ұсынады. Шындықты іздеуші христиандар, христиан мистиктері және христиан алхимиктері өздерінің (одан ары) кемелдену жолдарын тапты (салыстырыңыз: мысалы: Матфей 5,48; Иоанн 10,34;...). Көптеген басқа христиандар саналы немесе санасыз түрде, мейлі олар іштей издесін немесе өздерінің сенімін қоғамдық өмірде қолдансын немесе екеуін де қатарластырсын – біз "толық христиандық" деп атайтын бірдей тәжірибені бастарынан кешіреді. Мыңдаған жылдардан бері көптеген басқа мәдениеттер де сол ішкі арпалыстардың шешімдерін іздеумен келді, мыс. Дао алхимиктері және кейбір Йога мектептері ³⁾.

³⁾ Сөзбе-сөз "қамытқа жегу" дегенді білдіретін үндінің "Йога" деген сөзі де түп-тамырмен мәңгілікке қайта байланысу деген мағынаны береді. Бұл және осындай басқа жолдар да Христиандық жолы сияқты бір мақсатқа жеткізуі тиіс дегенді білдірмейді.

Иса, "жаңа Адам" – сол уақыттан бері адамдардың сөніп қалған бастапқы қасиеттерге

қайтадан ие бола алатындығының және қазіргі уақытта қауіп төндіріп тұрған олардың жолдан тайған қасиеттерін түзететін уақыт келгенінің белгісі. Жерге "қуанышты сәт" ретінде өмір мәнінің бастапқы қайнар көзі – Құдаймен байланыстың және аса дамыған адам санасының мысалы болды. Ол азғындау күштерін жеңді. Адамдардан ерекше болса да, ол да осыны көрсеткен адам баласы болатын. Сондықтан да адамдар мұны да істей алады, әсіресе олар мұны саналы түрде істесе.

Жануарлардың бір түрі өздерінің Р. Шелдрейк ашқан өзара күш өрісінің ықпалымен бір аралда үйренген нәрсені басқа аралдағы дәл сондай жануарлар тезірек үйренетіні сияқты, тіпті тарихтағы Исаны білмейтіндер үшін де оның қайта келуін қоса алғанда, өмірінің ықпалы тиюі мүмкін.

Біріншіден, Иса және Құдаймен іштей байланысу шіркеусіз мүмкін бола алады, алайда христиандардың тиісті қауымының көмегі тиеді. Исаны тек рухани кеңесші немесе әлеуметтік реформатор ретінде қарастыратын құдай туралы қарама-қайшы ілімдер енді ең соңғы құрал емес, бірақ олар, әсіресе бір кісі біреуден артығын білсе, оған ой беруі мүмкін. Әрбір жеке тұлға өз бөлмесінде оңашада, ақырында көпшілік орында да Исамен үйлесім таба алады. Осы мақсатта адам евангелиеден өзіне мирасқа қалған қасиеттерін естеріне ала алады. Исаны өлімнен аман қалып, қайта келген деп оған ашылса, Исамен осы уақытта өмір сүріп жүрген тұлға ретінде байланыса алады. (Әдетте Исаныкінен басқа күйде өлімнен кейін тірілген басқа кісілер туралы көптеген дәлелдер бар.) Адамдар "оның атына", өзінің ағасы ретінде онымен бірге сыйына алады. (қараңыз: Иоанн 15,16; Матфей 6, 7-15; Матфей 18,19-20). мысалы:

Құдай, менің басталуым, менің жәрдем және менің үмітім!
Иса Христоспен бірлесіп бәрі Сенен шығатын/келетін істер үшін Саған алғыс айтамын;
бәрі Сенен алыстатқан істер үшін кешірім сұраймын;
мына тыныштықта Сенің рухын арқылы маған шығармашылық ізденуге рұқсат бер.

*) Егер кімде-кім Мәриямды қосқысы келсе, қоса алады. Осылай да адамның еркектік және әйелдік қасиеттері бірдей жетілуі мүмкін.

**) Қосымша мынаны істеуге болады: 1- жағымсыз болған сияқты немесе осыған ұқсас сезіммен қарау (мыс.: тіпті бұл ой немесе сөз жүзінде ғана болса да, мазасыздық, жек көру және ашу-ыза, немқұрайлылық және арсыздық, қатты шүбәлану немесе қиындық; , салыстырыңыз: Матфей 5,22). 2 – Бұл туралы ойланудың орнына, мұның не екенін жақсырақ түсіну үшін бір минуттай күту. 3 – қазір сезіліп отырған осы қиындықты дұға кезінде Құдайға беру. (Бұдан басқа, осылайша бүкіл өмірін Құдайдың немесе Исаның қолына беруге болады). 4 – біраз жеңілдік сезілгенге дейін тыныш тұру.

***) Үнсіздік "болған жайларды тыныштандыруға мүмкіндік береді" және осылайша осымен шұғылдануға немесе сыйынуға жақсырақ дайындайды. Сосын жаңа нәрселерге кішкене ғана ашықтық қайтадан пайда болады.

Осы жолдағы әдептің маңызы

Жолдағы бір деңгей - "Құдайды жақсы көру" бәрінен де жоғары "және көршіңді өзің сияқты жақсы көру" (Матфей 19,19) болып табылады. Өзіңді жақсы көру де өзің үшін тапсырма табуға тырысудың бір бөлігі болуы мүмкін. Сүйіспеншілік арқылы Исамен байланысуға болады, өйткені бұл – оның даналықпен аралас келген негізгі табиғаты. Сонымен қатар, жақсылық жасау да өзінің нәтижелерімен христиандық жолын ашады. Иса бұрынғы әдеп негіздерін ұстанған, өйткені (әдетте) "адам не ексе, соны орады" (Гал. 6,7), бірақ ол жеке тұлғаның жауапкершілігіне сыртқы заңнан гөрі үлкенірек мән беретін. Мұнда біз өзіміздің ішімізде Иса өз өмірі арқылы көрсетіп кеткен рухпен үйлесіп жатқан ар-ұждан сияқты сезілетін бір нәрсе бар екенін сезуге болады. Бұл сәтті жеке өзің жүректе немесе жанда немесе рухта сезуге болады. Мүмкіндігінше жиірек Исаның белгілі қасиеттерін еске алған пайдалы. Осылайша,

мейлі қазіргі уақытта соншалықты үлкен әсерлер болмай-ақ қойсын – анағұрлым тікелей байланыс пайда бола алады.

Осылайша өзіміздің ішімізде мейірімділік арқылы дамыған құдірет тағы да "сыртқы" Исадан және Құдайдан келетін жалпы емдік қасиетті тарта алады. Мұнда да жекелей сезінген басқа болады, алайда бұл жағдайда өзіңе және айналаңдағыларға тиетін әсері қарқынды болуы мүмкін. Баяғыда аздаған "мистиктер" мен "әулиелер" сезінген ол сезімдер қазір "ақырзаманымыздағы" қарапайым адамдардың арасында тарала алады. Мұның маңыздылығы бірден біліне бермеуі мүмкін, сондықтан да ол мұнда атап өтілуі тиіс. Қызыққандар бұл түрлендіру күшін мойындауы мүмкін, әйтпесе осымен үйлесе отырып, жеткілікті қасиеттерін дамыта алмағандардың тосқауылдарына ауыр соққы болып тиюі мүмкін. Осы себепті бұл бір "сот" сияқты сезілуі мүмкін.

Мен басқаларға олардың Саған кележатқан жолыңда жаманшылық жасамау үшін
бағытта мені;
Мен басқаларға Сенің ықтиярын бойынша жәрдем беру үшін бағытта мені;
Менім жолымда қорға мені. *

*) Мұнда басқалары қосыла алады.

Тарихымыздан бұрынғы заманнан бергі мәдениеттердегі осыған ұқсас кең ауқымды даму

Балалықтан ересектікке дамудың аталған сатылары сияқты, адами мәдениеттер де естіліктің ұқсас сатыларынан өткен. Бір жағынан, олар жаңа қабілеттерге қол жеткізді (бұрынғыдан да еркінірек ерік, сезімдер мен ойлар). Екінші жағынан, бүкіл "жаратылыспен" алғашқы таныстық проблемалы салдарымен азайды. (Салыстырыңыз: мысалы: Жан Гебзер, "Ursprung und Gegenwart" -german-: Бірінен кейін бірі "ескірген", "сиқырлы", "мифтік" және интеллектуалдық сана келеді, ал олардан тыс одан да жалпы дұрыс ақыл дамуы мүмкін. Көрнекті тұлғалар бұл көтерілу сатыларын өздерінің мәдениеттері үшін жемісті етуге көмектесті. Бұл барлық кедергілерге қарамастан орын алған болатын, бірақ, аталғандай, бұрынғы қабілеттерге нұқсан келді. Жаңа тарихымызда адамзат пен халықтар тірі қалғысы келсе, әрі қарайғы кішірек немесе үлкенірек даму сатыларын меңгеруге шақыруды қабыл алуға мәжбүр. ⁴⁾ Бұл мүмкіндіктер шамамен 2000 жылдан бері бар. Бұл даму бұдан ары ақыл-ой сияқты бұрынғы қасиеттерді азайтпауға тиіс. Егер жеке тұлғалардың жеткілікті саны бұрыннан да тұтасырақ, дұрыс, ақылды дамыса және өздерінің киелі түп-тамырларымен ¹⁾ байланысын жаңартса, адамзат "жоғарыдан" келетін көмекпен ақырзаман апаттарын жеңе алады. Мұның бейбітшілік қозғалысы және с.с. әлемдегі белсенділерге де қатысы бар. Барлық түзу ниетті адамдардың бұл "ойында" міндетті түрде өз алатын орындары болады. Құрылған діни мектептер бойынша көптеген адамдар айқын ізденіс үстінде. Олар болашаққа қарай жүруін жалғастырып, өткеннен құтылады, дегенмен бұл жерде бір "аралық" болуы мүмкін. Егер кімде-кім мақсат – адамзатты немесе саналылықтағы ілгерілеуді "құтқару" деп түсінсе де бәрібір. Қазіргі бағалау таразысы өзгертілуі тиіс, өйткені ескі "бағдарламаның" қайда апарытыны анық. Барлығы бір тұтас нәрсенің бір бөлігі болып табылады, сондықтан жақсылық істеу әлемге көмегін тигізеді.

4) Біз Герберт Грульдтің "Himmelfahrt ins Nichts" (немісше "Ешнәрсеге мадақтау") атты соңғы кітабымен тек бір себептен келіспейміз. Өйткені, адам қанша дегенмен тек бір сәт – Құдай болып табылатын ұмытылып кеткен даму және құдірет көзін сезе алады.

Өмір және өлім туралы биліктерді Сенің қолыңа беруге кісілерді жігерлендір **;
Сенің жаратылыс үшін жұмыс істейтіндерге жәрдем бер***;
Осы дүниені олқылыққа Сенмен уәделі жаңа заманға жүргіз.****

**) Бұл жерде егжей-тегжейлер қосылуы немесе дұғадан кейін барып ойланылуы мүмкін. Ол былай:
зорлық-зомбылықты тоқтату', 'зорлық-зомбылықтың бір себебін жою мәселелерін шешу', 'діндердің
арасындағы ең ізгі ниеттермен әрекет ететіндерімен бейбіт келіссөздерді бастау',

****) Лука 11:2; 21:31. Ашылу 11:16. Құдай өзіне берілген сүйіспеншіліктерді тарата алады.

Осылайша Құдай "жолына қайта түсу" кең ауқымда да, тар ауқымда да біздің
қолымызда

Иоанн 16,12-13: "Менің әлі де сендерге айтарым көп, бірақ оларды сендер қазір
таси алмайсыңдар. 13: Ақиқат Рухы келген кезде, ол сендерді ақиқатқа бастап
апарады, өйткені ол өз құдіретімен сөйлемейді, бірақ ол сендерге не айтса да, не
мәлімдесе де, болатын нәрселерді айтады.

Иса және ислам туралы ақпарат

Дінаралық диалогы

Бұл дінаралық түсінікке және көп жылдар өткізілетін бейбіт „дінаралық диалогқа“
үлкен салым. Мына ескертпелердің ниетіне исламды түгелімен мінездеуге кірмейді,
соғұрлым ислам ішінде де әр түрлі мектептер бар.

Құран*) және басқа Кітап діндер

Исламдың мәні „Аллаһ Тағалаға бойсұну“.

Мұхаммед Пайғамбарға Аллаһтың түсірген немесе Жебірейіл періште арқылы
берілген исламдың Қасиетті Кітабы Құран рух ретінде түсініледі. Жебірейіл періштені
христиандықта танымалы Габриел періштемен теңдестіруге мүмкін. Әлбетте Құранға
негізгі мағына тән. (-) Құран талқылауына Пайғамбардың уақытынан (хадис) жеткен
одан басқа дәстүрлер (сүннә; сөзбе-сөз „әдет“) әсер етеді. Дегенмен бір пайғамбарда
өз өмір салтында адам болады, ол өз өмір салтында құдай болмайды. Христиандар
ғұрлы өз Қасиетті Кітабын нақты білмейтін мұсылмандардың да болуын ескере отыру
керек.

Христиандар мен яһудилер Құранда белгілі бір дәрежеде тура да: „Сіз Кітап
иелері“ (мәселен, сүре 4,171*) және „Сіз Исраилдың ұрпақтары“ деп аталады.
Сондықтан оларға Қасиетті Құранмен*) да шұғылдануға болады - тіпті олар онымен
көбінесе шұғылданбаса да. Дін ілімі шүбәсіз барлық діндердің Қасиетті Кітаптармен
шұғылданады және соның ішінде ол олардың талқылауының тарихы дамуын
зерттейді. Қасиетті Кітаптар дегенмен қошеметпен зерттелу керек. Құранның
түсініктемешілердің бір бөлемі Құранның түп тұлғасы құдайда сақталу туралы жазған,
сол түп тұлғасы тек қана ақ періштелерге және күнәсіз адам елшілерге жетімді;
Құранның түсініктемешілердің екінші бөлемі жерде бар болатын Құранның оқырманы
таза болу керек деп түсіндірген.

Пайғамбар елшілердің арасы үзілгенде „уақытша“ (немесе межелдемеге) жіберілген деп саналады (сүре 5, 19*). Қасиетті Құран Мұхаммед Пайғамбардың білімі бойынша иманды, „Кітап иелерді“, және „имансыз адамдарды/кәпірлерді“ айырып танады. „Кітап иелерге“ бәрінен бұрын мұсылмандармен қатар баяғы дәстүрге негізделетін яһудилер және христиандар, кейде сондай-ақ Заратустраға сенетіндер (мәжусилер) (сүре 22, 17*) жатады. Себебі Құран да бір құдай, ақыреттік сот және ғибадат туралы тиісті ілімдерді өз елдеріне немесе өз уақытына берген „пайғамбарлардың“ бірқатарын дәлелдейді (мәселен, сүре 6, 83-92; сүре 7, сүре 4, 136*). Бұл діндердің адамдары бірынғай негізлерге сенгендіктен олар Құранда да имансыз адамдарға/кәпірлерге жатпайды (сүре 5, 48* және тағы тағылар). Алғашқы ислам ғасырларында яһудилермен христиандарды мұсылманшылықты қабылдауға ешкім зорлаған жоқ (Құран ілімі бойынша „дінге зорлық жоқ“, 2, 256* сүрені қара). Ибраһим һанифтердің біреу деп есептеледі, һанифтер жекелей тікелей таухид дінге сенген.

Семит сөзі Аллаһ (исламға дейін ежелгі арабша al-ilah) белгілі „Елохим“ сөзбен бір ататектен шығады, „Елохим“ деп Мұса яһудилік кітаптарда Құдай аталады.

Мұхаммед Пайғамбар уақытында кәпірлер (сөзбе сөз шамалы: „шұбалаңқы“) ретінде ортодоксал мағынасында көпқұдайшылыққа сенгендер және пұтқа табынушылар саналған, оларға қарсы Пайғамбар Аравияда соғысқан және олар туралы яһудилердің әрі христиандардың Библиясы ескерткен. Кең мағынада имансыздар деп бұл күнде исламда бір құдайға және Сотқа сенбейтіндер саналады. Кейде бұл ұғым жаңылыс жалпы барша мұсылмандар емес адамдарды, кейде тіпті басқа ағымдың мұсылмандарын атауға қолданылады.

Иса Құранда

Құран бір неше жерлерінде Иса Пайғамбар және құдайдың елшісі деген, және анықталмаған мағынасы бар Құдайдың "сөзі" әрі Құдайдың рухы (сүре 4, 171), „Адамның жағдайы сияқты“ жаратылған (сүрелер 2, 3, 5, ...) деген сілтемелерді дәлелдейді. Сонымен осы заманғы христиан теологтарға қарағанда ол жақсы түсінілген исламда кез келген оқиғада артығырақ саналады, осы заманғы христиан теологтар тек ғана әлеуметтік реформатор Иисус Христосты қалдырған. Тек кеш троица ілімінің жетесінде Иисус Христос Құдайдың Ұлы деген ілімін - Мұхаммед уақытының христиандары оны өте жер қонымды мағынада түсініп жүрген - Құран қабылдамады. Басқа бастапқы қалыпы бар адамдар да бұның алғашқы мағынасын ұғысын деп шынайы түсіндіру алатын христиандар тағы азғана бар болған (мәселен, сүре 6, 101*). *Римдіктерге хатта 1.4* Иисус Христос өз ақ аруақ құдіретіне „Ұл ретінде белгіленгені“ жазылған, демек ол туған емес. Аллаһ туған емес және ол Исаны туған жоқ, бірақ дүниеге келтірген деген мұсылман иманымен демек христиандар көну керек еді. Сосын „логос“ (грек тілінен) деген ұғым Библияда Иисус Христостың құдіретті ататегін тиісінше оның елшілігін білдіреді әрі „логос“ Евангелиелерде «Сөз» (жоғарыда айтылғандай) деп аударылады да Құранда Исаны атауға қолданылады. Құранның рухында әлдеқалай Библияда бүгінге дейін толығымен зерттелмеген, сондықтан олар туралы мұсылмандармен христиандар текке ерегісетін жадылар барма? Христиандардың ұсынылысы бойынша осы ілімдер „көпқұдайшылық“ ретінде есептелу мүмкін болған жағдайдарда бұл Иисус Христос өзі ғибрат берген мақамына сай келмейді: “Әкеге (Әке-Құдайға) менің атымнан (яғни Иисуспен жүрегінің терең түкпірінде бірге) сиыныңдар» (Библия, Иоанның евангелиесі 15:16). Иисус өмірінде тек ғана бір Құдайға иғтибар етті, онымен Иисус етене болып кеткен, адамдарды сол бір Құдайға жақындату тек Иисустың қолында.

„Логос“ деген ұғым (грек тілінде, Иоанн Бірінші Евангелиесінде „Құдайдың Сөзі“, ол

сол жерде Христоспен байланысты атау) *Пареттың немісше Құран аудармасында* Исаға қатыссыз кездеседі, бірақ басқа Құран басылымдарда Аллаһтың „ісі“ немесе „әмірі“ ретінде түсінеледі (*сүре 13,2 және сүре 13,11**).

Құран Исаны Аллаһ топырақтан „Адам сияқты“ жаратқан (*сүре 3,59**) деп қабылдайды да Мәрямға Исаны қыздық тудырғанына себепші болған Аллаһ рухынан жіберілген „Рабының елшісі“ туралы хабарлайды (*сүре 19,17-22**). Христиан болжамада Жаратқан Иенің періштесі Иисустың Қасиетті Рухнан дүниеге келуін жарлайды. Құран бойынша Иса Қасиетті рухпен/Қасиет рухмен Жәбірейіл арқылы қуатталған (*сүре 5,110**).

Құран бойынша жас Иса тіріліп, тұрғызыуын хабарлаған (*сүре 19, 33**), бірақ бұның мағынасында оның „Қиямет күнінде“ тірілгені және Құранда жиі айтылып кеткен иманды адамдардың „Қиямет күнінде“ қайта тірілетін және қабірлерден шығатыны (төмен қара), *сүре 4,159**. түсінілу мүмкін. Құран Иса тірі аспанға шыққанын хабарлайды (*сүре 4,157-159**; *сүре 3,55**).

Христиандар айтуы бойынша Иса өзінің аспанға көтерілуінен бұрын керіп шегеленгенінде өмірден өшті, содан кейін Құдайдың арқасында ажалды женген, осы дүниеге қайта оралды. Мұсылмандар айтуы бойынша, Иса пайғамбар керіп шегеленбей, тірі аспанға көтерілген. Осы сұрақта мұсылмандармен христиандардың пікірлері бірыңғай емес. Бірақ Иса пайғамбар көтерілген кезде „өлі“ болмай адамдарға ғибратнама бергенімен (мәселен) мұсылмандармен христиандар пікірлес.

3,55 сүресінде немесе 5,48* сүресінде „... мен оны тазартушымын“ және „... Сонсоң қайтар жерлерің Мен жақ! Сонда таласқан нәрселеріңе үкім беремін.“ Сондықтан кейбір қалған құпиялардың шешімін мұсылмандармен христиандар таласпай сабырлылықпен бір Аллаһдан күту керек.*

Сондай-ақ Құранда иманды адамдардың „Қиямет күнінде“ қайта тірілетіні және қабірлерден шығатыны ескертіледі (*сүре 36,77-83; сүре 69,13-37; сүрелер 75 және 99* тағы тағылар*). Иса сосын қайта оралады да иманды Кітап иелерге куә болады (*сүре 4,159 және 16,89* сүрені салыстыр*). Аллаһ Тағалаға және Ахирет күніне иман келтіргендер, онын ішінде мұсылмандар да емес, және жақсылық істегендер Құран бойынша Қиямет күні Соттан қорқпау керек (*сүре 2,62; сүре 4,123-124, сүре 7,170**). Сот Құранда және Библияда да задында Құдайдың ісі, христиан, мұсылман немесе еврей болсада, Сот адам ісіне жатпайды. (Осындай дінаралық салыстырулар осы жерде Құранның егемендігін күдікке түсіру үшін емес жасалған.)

Ислам және христиандық этикалық негізлері

Аталған 3 „Ибраһим діндердің“ де этикалық негізлері бір бірмен байланысты. Парыздар Исламда атап өтілмеген болсада, олар айтқандай *17,22-39 сүресінде; 5,38-40 сүресінде; 2,188 сүресінде; 4,135 сүресінде; 2,195 сүресінде және 17,70* (адам қасиеті) сүресінде* бар. Мәселен Құран бейкүне адамдарды өлтіруге қатаң және қалмастан тайым салады (*сүре 5,27-32**). „Жиһад“ ұғымы тек ғана „белгілі бір нәтижеге, мақсатқа жету үшін тырысу, күресу“ мағынаны білдіреді, „Қасиетті соғыс“ деген мағынасы Құраннан емес, ол Мұхаммед пайғамбардың және ислам праволық мектептердің пікірлернен шыққан***). Адамның өз Құдайдан алыс нәпсісімен жүрегінде, ішкі дүниеде рух арқылы күресу „үлкен жиһад“ деп аталады, бәр сыртқы дұшпанмен күреске қарағанда „үлкен жиһадқа“ артығырақ мән беріледі. (*Салыстыр, мәселен, Исаның арнауын „алдымен бөренені өз көзден шығарып алу...“ - Көптеген сыртқы дау-жанжалдар осылай өз негіздерінен айырылар еді.*) „Сөздің жиһады“ діндің бейбітшілік өкілдігі болады. „Қолдың жиһады“ имандының әрекетті ғибратты тәлімі

болады. „Семсер жиады“ „кіші жиады“ деп аталады; оған тек ғана шабуыл жасалғанда иманды адамдарды қорғауға рұқсат беріледі де адамдарды „дінге кіруге/мұсылманшылықты қабылдауға“ зорламайды (*салыстыр: Құран, сүре 2, 190**). Бірақ басқа дінге сенгендерге қарсы „желөкпелік/қатаңдық“ қатынас Құранның ішінде де бар (*сүре 48,29*, сүре 47 4**).

Жыныстық қатынастар туралы, басқа діндердің мүшелермен некелесуге тыйым салуын тағы тағыларды қосқанда, дәстүршіл жөн-жоба ұлан-байтақ болады.

Ислам парыздары: „Аллаһтан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед Аллаһтың елшісі» екендігіне куәлік беру;

тәулігіне бес рет оқылатын бес уақыт намазды оқу (*сүре 2,177**);

Рамазан айында ораза тұту (*сүре 2,185**);

жағдайы келген әрбір мұсылманға өмірінде бір рет қажылықты орындау (*сүре 2,196**); және зекетті (әлеуметтік әжеттер үшін садақа) беру (*сүре 2,177**)."

Бүгінгі күнде исламда дін және адамгершілік мәселерді шешетін бір ортаға бағынған мекен жоқ. Бірақ беделді право зерттеушілердің белгілі көпшілігінің көзқарастары толығымен есепке алыну мүмкін шығар.

*) Колхаммер (Kohlhammer) баспасында неміс тілінде шыққан *Руди Пареттың „Құран, аудармасы“* қолданылған; бұл аударма ғылыми талаптарды қанағаттандырады да артық тіл түсінік үшін сөзбе-сөз аудармаларды және кірістірулерді даралайды. Осында исламда көп қолданылатын мысыр аяттардың есептеу қолданылған. Құранның басқа аудармаларында аяттардың есептеу басқа болуы мүмкін, себебі мысыр аяттардың есептеуінен басқа тағы екі есептеулер бар; онда аталып кеткен орынды баяғы сүренің алдыңғы немесе келесі аятында табасыз. Құранның арабшадан аудару қиыншылығы осындай түсінікті белгіленген сияқты жерлерде байқалмайды. Қасиетті Құранның мағынасы мен мәні *2007 жылы неміс тілінде шыққан Адел Теодор Хоуридың (Adel Theodor Houry) Құранның аудармасымен және түсіндірмесімен* сәйкестелінген, ол жасаған аудармасын мұсылман ғалымдарды да қадірлейді (мәселен, доктор Инамұлла Хан (Inamullah Khan), сол кездегі ислам дүниежүзілік конгресстың бас хатшысы) және оның түсіндірмесін ислам прервалық мектептер дәстүршіл талқылау үшін ескере отырады.

***) Тарихи „христиан шармық жорықтары“ да Библиямен негізделінбеген, олар адам әрекеттері болады, бүгінгі күнде, мәселен, көпшілік европалық христиандардың ойлауы бойынша олардың жаман атағы бар.

[Баспана бетке қарай:](#)

Келесі тақырыптарға (ағылшынша) негізгі мәтін:

Исаның жолдары, оның адам саналылығына және адамзат пен жердің өзгеруіне қосқан үлестері: тәуелсіз ақпараттық бет; зерттеу мен тәжірибенің көптеген салаларының жаңа көзқарастарымен; жеке тұлғаның дамуы үшін тәжірибелік кеңестермен.

„Христос жолдары“ веб (интернет) бет зерттеу және ақпарат жоба болады. Бұл бет шіркеулерден, дін түтүлерден және басқа дін жамағаттардан тәуелсіз (бірақ оларға қарсы да бағытталынбайды). Бұл бет діндердің аралығында бейбітшілік қарым-қатынасқа және шексіз түсінуге жәрдем береді. „Христос жолдары“ экономикалық пайдаға және саяси ықпалға ұмтылмайды. Христос жолдары миссионерлік етпейді де мүшелерді іске тартпайды.